

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты отандастар!

Сіздерді Рамазан айының басталуымен құттықтаймын!

Халқымыз үшін Қасиетті оразаның мән-маңызы айрықша.

Бұл – қоғамда имандылық, адалдық, жанашырлық, мейірімділік сияқты мызғымас құндылықтарға барынша мән берілетін кезең. Бүкіл мұсылман қауымының ынтымағы артып, бір-біріне бауырмалдығы айқын көрінетін мезгіл.

Ораза айы рухани тазаруға, мұқтаж жандарға көмек қолын созып, қайырымдылық жасауға үндейді. Сол арқылы барша адамзаттың береке-бірлігі нығая түсуіне ықпал етеді.

Дін мен дәстүр сабақтастығын берік ұстанатын ел татулығын, тұрақтылығы мен тыныштығын сақтап, кез келген сын-қатерден сүрінбей өте алады. Мен Қазақстан халқының әрдайым рухани үндестікте өмір сүріп, болашаққа нық қадам басатынына сенемін.

Ораза қабыл болсын! Баршаңызға зор денсаулық, амандық, толайым табыс тілеймін!



№30
(4618)

Сейсенбі
12 наурыз
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БЕКИДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Республикасына мемлекеттік сапармен барды.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев «Загульба» резиденциясында қарсы алды. Салтанатты рәсімнен соң президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті Әзербайжан Президенті сайлауындағы айқын жеңісімен және биыл Бакуде COP 29 саммитін өткізу мүмкіндігіне ие болуымен құттықтады. Президент Қазақстан мен Әзербайжан ынтымақтастығының мазмұны байып, бірлескен ірі жобалармен толығырақ түскенін және қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалады.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті Қазақстанмен арадағы бауырластық байланыстардың беки түскенін айтты. Келіссөз барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, азық-түлік қауіпсіздігі және жаңартылатын энергия көздері салаларындағы ықпалдастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар екі ел экономикасының дамуына тың серпін беретін инвестициялық жобаларды іске асыру перспективасы қарастырылды.

(Жалғасы 2-бетте)



ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ:
ТАРИХ
ТАРАЗЫСЫНДА

8

МЕШІТТЕРДЕН – ТҮНГІ АВТОБУС

Қасиетті Рамазан айында елордалықтарға ыңғайлы болу үшін қаланың 5 мешітінен бірнеше бағытта 15 автобус жүреді. Бұл туралы «City Transportation Systems» компаниясы мәлім етті.

«Республикалық Бас мешіт» мешітінің бағыттары: «Целинный» ш/а; Есу арнасы; Республика даңғылы. «Әзірет Сұлтан» мешітінің бағыттары: «Спутник» супермаркеті; Теміржол вокзалы; «Көктал-1, 2» ТҰА. «Әбу Насыр әл-Фараби» мешітінің бағыттары: «Көктал-1, 2» ТҰА; Теміржол вокзалы; Медициналық колледж. «Сәдуақас қажы Ғылмани»

мешітінің бағыттары: «Көктал-1, 2» ТҰА; «Кирпичный» ТҰА. «Рахымқызы Райсана» мешітінің бағыттары: «Рахмет» СО.

Бағдарлар 21:30-дан 23:00-ге дейін жүреді.

Жол жүру құны – 90 теңге. Бағдарлардың қозғалысы туралы ақпаратты Avtobus, 2GIS және Яндекс карталары қосымшаларынан қарауға болады.



ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП
ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛАДЫ?

6-БЕТ | БІЛІМ



ҮШ АДАМНЫҢ
ӨМІРІН САҚТАДЫ

9-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 487.47 \$ USD/KZT 451.03 ₸ RUB/KZT 4.94 ¥ CNY/KZT 62.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№30 (4618) 12/03/2024 Сейсенбі

«Сізді әзербайжан халқының жалпыға бірдей танылған көшбасшысы деп білеміз және халықаралық аренада да осындай тұлға ретінде қабылдайды. Сонымен қатар Әзербайжанның өз егемендігін қалпына келтіру ісінде тарихи жеңіске жеткеніне шын жүректен қуаныштымыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Астана мен Баку ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көрсетіп, бірлескен жұмыстың жаңа бағыттарын дамытып отырғанын ерекше атап өтті. «Жаңа ғана біз сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастыққа, халықаралық аренадағы өзара ықпалдастыққа қатысты барлық мәселені егжей-тегжейлі талқыладық және ортақ ұйғарымға келдік. Бұл Қазақстан мен Әзербайжанның, шын мәнінде, стратегиялық серіктес, одақтас мемлекеттер екенін көрсетеді. Осы орайда екі ел үкіметтері бүгін қол қойылған құжаттар, келісімдер түріндегі уағдаластықтарды жүзеге асырумен айналысатынын ескерсек, ынтымақтастығымыздың перспективасы өте зор. Мен COP29 саммитіне қатысуға шақыруыңызды ықыласпен қабыл аламын. Мұндай шараны өткізу – Әзербайжан мемлекеті мен оның дипломатиясы үшін айтулы тарихи жетістік. Саммит қазіргі климат мәселелерін реттеу және жаһандық ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан өте маңызды. Баку бұл міндетті абыроймен атқаратыны сөзсіз» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Әзербайжанмен арадағы сауда-экономикалық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. «Қазақстан мен



БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БЕКИДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты. Президент өз сөзінде қонақжайлық көрсеткені үшін әзербайжан тарапына ризашылығын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Гейдар оғлын Әзербайжан Республикасының Президенті сайлауында айқын жеңіске жетуімен тағы да құттықтады. Президенттің айтуынша, дауыс беру қорытындысы Әзербайжан көшбасшысының стратегиялық бағдары жалпыхалықтың қолдауына ие болғанын және оған жұртшылықтың сенімі жоғары екенін анық көрсетті.

Әзербайжан арасындағы тауар айналымы 2020 жылдан бері 5 есе артты. Әрине, бұл цифр соншалықты таңқаларлық көрсеткіш емес шығар. Бұл бағытта

жұмыс істеу керек, алайда қазіргі сауда қарқыны оң бағалауға лайық. Елдеріміз айтарлықтай экономикалық әлеуетке ие. Біз бұдан да зор жетістікке жетеміз

деп ойлаймын. Шын мәнінде, ынтымақтастықтың ауқымы өте кең. Біз бүгін мұнай мен газдан бөлек, көлік пен логистикадан бастап, цифрландыруға

дейінгі мәселелердің бәрін қарастырдық. Халықаралық аренада табысты жұмыс істеп жатқанымызға көңіліміз толады. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы және басқа да халықаралық ұйымдардағы делегацияларымыз өзара жемісті қарым-қатынас жасап отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, қазақ-әзербайжан қатынастарын нығайтуға мәдениет саласындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру ісі де оң септігін тигізуде. Мәселен, қасиетті Түркістан мен Шуша шаһарлары, сондай-ақ Орал мен Мингечевир, Шымкент пен Гянджа қалаларының арасында бауырластық қатынас орнады.

«Мен елдеріміз арасындағы мәдени байланыстарға басаман беремін. Бұл халықтарымызды жақындату тұрғысынан өте маңызды. Сумгаит қаласындағы көшеге Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталды. Біз ол үшін алғыс айтамыз. Сондай-ақ Астана қаласындағы көшеге Гейдар Әлиевтің есімі берілді. Бұл екі елдің ұлы тұлғаларын ұлықтауға арналған елеулі оқиға болды. Былтыр Әзербайжанда Қазақстан мәдениетінің күндері табысты өтті. Әлгінде өзіңіз айтқандай, ертең Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығын ашамыз. Бұл да біздің ықпалдастығымыз бен ынтымақтастығымыздың символы болатыны анық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысының тарихи мәніне тоқталды. Оның пікірінше, Қасым-Жомарт Тоқаевтың

сапары мен Мемлекетаралық кеңес отырысының қорытындысы екі ел қарым-қатынасының алдағы күн тәртібін айқындайды. «Қазақстан мен Әзербайжан – бауырлас мемлекеттер. Халықтарымыз ғасырлар бойы тату, бауырлас ел ретінде ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Соңғы кездері біздің бір-бірімізге жасаған сапарымыздың жиіледі. Осыдан-ақ өзара қатынастардың қарқыны қаншалықты күшейе түскені айқын көрінеді. Біз Қазақстанның әр табысына қуанамыз. Сізді және бүкіл бауырлас Қазақстан халқы әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму жолындағы керемет жетістіктерімен құттықтағым келеді. Сонымен қатар біз екі елге ортақ жобалар туралы әңгімелестік. Мен Қарабақты қалпына келтіру ісіне бауырлас ел ретінде жәрдем бергені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығымды білдірдім. Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығы қазақ халқының әзербайжан халқына тартуы ретінде Президент Тоқаевтың бастамасымен бой көтерді. Ертең біз достығымыздың орталығына айналатын осы нысанды ашамыз» деді Ильхам Әлиев.

Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алғашқы отырысында сауда-экономика, инвестиция салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері, цифрлық коммуникация және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы ықпалдастықты дамыту мәселелері қарастырылды.

БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Президент Әзербайжанды Қазақстанның стратегиялық серіктесі ретінде атап өтіп, бауырлас мемлекетке жасаған сапарының мән-маңызына тоқталды.

– Бұл мемлекеттік сапар елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды. Менімен бірге үлкен делегация келді. Бұл бауырлас Әзербайжан еліне жоспарланған осы мемлекеттік сапарға мейлінше тыңғылықты дайындалғанымызды білдіреді. Бүгін біз тиісті құжаттар мен келісімдерге қол қою рәсіміне қатыстық. Ең бастысы, арадағы келісімге сәйкес, екі ел үкіметтері мен басқа да салалық ведомстволар жоғары деңгейдегі кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асыруға бар күш-жігерін

жұмсайды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Әзербайжанның ықпалдастығы достыққа, сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге және ескеруге негізделген мемлекетаралық қатынастың озық үлгісі саналатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жоғары деңгейдегі байланыстардың бәрі екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды нығайту үшін өте пайдалы. Президент Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысында талқыландырылған мәселелердің маңыздылығына назар аударды.

– Біз бүгін бүкіл әлемде ресурстардан бөлек, көлік-логистика саласындағы мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін бәсекелестік күшейіп келе жатқаны туралы

айттық. Бұл – стратегиялық сала. Қазақстан да, Әзербайжан да сенімді серіктестіктер ретінде бұл бағытта тығыз қарым-қатынас жасап жатқанын қуантады. Сиань портынан Қазақстан аумағы арқылы Әзербайжанға дейінгі теміржол бағдарын ашудың өзі көп нәрсені аңғартады. Бұл, шын мәнінде, өте маңызды шара. Біз цифрландыру, жасанды интеллект жүйесін құру, Каспий теңізінің табаны арқылы оптикалық-талшықты байланыс желісін тарту бағыттарында күш-жігер біріктіру туралы пікірлестік. Мұның бәрі – бірегей жобалар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелеріне арнайы тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанның мәдениет күндерін жоғары деңгейде өткізгені



үшін Әзербайжан тарапына ризашылығын білдірді.

Қазақстан Президенті көпжақты құрылымдар аясындағы ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін айтты.

– БҰҰ, ТМҰ, ЕҚЫҰ, АӨШҚ, СПЕКА және ТМД сияқты аса маңызды халықаралық ұйымдар аясындағы ықпал-

дастығымызды айрықша атап өткім келеді. Меніңше, бұл қарым-қатынастың ауқымы кең және халықаралық деңгейдегі ынтымақтастығымыз одан әрі жалғаса береді. Стратегиялық серіктестік тұрғысынан келгенде, мұның да мәні зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Әзербайжан

Президенті Ильхам Әлиев мемлекеттік сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, келіссөздердің нәтижесіне көңілі толатынын жеткізді.

Қазақстан мен Әзербайжан президенттерінің келіссөзі нәтижесінде ондаған құжатқа қол қойылды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Кеше Брюссельдегі Солтүстік Атлантикалық Шарт Ұйымының (НАТО) штаб-пәтерінде Швеция Корольдігінің одаққа кіруіне арналған жалауды көтеру рәсімі өтті.

Осы жылдың 7 наурызында Швеция Америкка Құрама Штаттарының үкіметіне Солтүстік Атлантикалық келісімге қосылу туралы ресми құжаттарды тапсырғаннан кейін НАТО-ның жаңа мүшесі болды. Швециямен бірге НАТО-ға қазір 32 ел мүше.



Моңғолияда биылғы қыста 3,9 миллионнан астам мал қырылып қалды.

Бұл туралы елдің Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының хатшысы Тувшинсайханы Баярху мәлімдеді. Малдың қырылуы ақ және қара жүт немесе қысқы құрғақшылық деп аталатын ауыр ауа райы жағдайларына тікелей байланысты болған. Бүгінде мал шаруашылығы Моңғолия экономикасының негізгі саласының бірі, сонымен қатар 40 пайызға жуық табыс көзі болып табылады.



Мысырда Газадағы бітімге келу жолында Израиль және Хамастың жоғары лауазымды өкілдері қасиетті Рамазан айында атысты тоқтатуға қол жеткізу туралы келіссөздер жүргізді.

Өткен жылдың 7 қазанында Газа секторында соғыс тудырған Хамастың Израильге жасаған шабуылы кезінде тұтқынға алынған израильдіктерді босату туралы да мәселелер қаралды. Газа секторын қалпына келтіру құны 90 миллиард долларға бағаланып отыр.

ҚАРҒЫН СУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ



Жасыратыны жоқ, жаңбырлы кездері елорданың орталық көшелері суға толып кетеді. Егер көктемгі қарғын суға дайындықты күшейтпесе, су алғанның көкесін сонда көреміз. Астана қаласының Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасына хабарласып, су тасқынына қарсы шаралар туралы білдік.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– 2023 жылдың қыркүйегінде елорданың су тасқыны қаупі бар учаскелері комиссиямен тексеріліп, 20 учаске бойынша аудан әкімдеріне каналдарды тазалау, арық-науа жүйесін орнату туралы ұсыным берілді. Төтенше жағдай жөніндегі комиссия дайындық жұмыстары пысықталып, жауапты мемлекеттік мекемелерге іске серек қарау тапсырылды. Қаңтар айында су тасқынына қарсы іс-шаралар айлығы басталды, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары іске асып, ықтимал қауіпті учаскелерде 86 рейд жүргізілді, – деді басқарма бастығы.

Солтүстік өңірлерде тоң бір метрге дейін қатқандықтан, көктемде еріген қар жерге сіңуі қиын. Оның үстіне, Астана жазықта орналасқандықтан, жиналған су ағып кетуі қиын. Оған қоса жерасты суы жер бетіне жақын жатыр. Осының әсерінен жауын-шашын кезінде көлкіген су тез сіңіп кетпейді. Қыста қалың түскен қарды тазалап үлгермесе, қарғын судың алып кетуі мүмкін. Сондықтан коммуналдық қызмет саласындағылар көшелерден бөлек, көп қабатты тұрғын үй аумағындағы қарды тездетіп тазалағаны дұрыс.

– Бүгінде коммуналдық қызметтер қаладан 5,7 миллион текше метрден астам қар шығарды. Қар тазалау жұмысы қарқын



Бүгінде коммуналдық қызметтер қаладан 5,7 миллион текше метрден астам қар шығарды. Қар тазалау жұмысы қарқын алды. Мәселен, 33 мыңнан астам метр арық-науа желісі, 2360 метр коллекторлар, 1087 дана жаңбыр қабылдау құдықтары тазартылды.

Мәселен, 33 мыңнан астам метр арық-науа желісі, 2360 метр коллекторлар, 1087 дана жаңбыр қабылдау құдықтары тазартылды. «Астана-Тазалық» базасында көлемі 2,5 мың текше метр құм және ағаш қоры дайындалды. Тағы 11 мың текше метр инертті материалдарды жеткізуге келісімшарт бар. Төтенше жағдай орын алған жағдайда азық-түлік пен жанар-жағармай жеткізуге 12 меморандум жасалды, – деді Бақытжан Мауленбердиев.

Егер төтенше жағдай орын алса, халықты уақытша қабылдайтын 2260 орынды 7 қонақ үймен меморандум жасалды және зардап шеккен халықты

қабылдайтын 16 пункт дайындалыпты.

– Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев жауапты мемлекеттік органдарға хаттамалық тапсырма берді. Су тасқыны құбылыстарына уақтылы ден қою мақсатында жеке құрамның 586 адамынан, 156 бірлік техникадан, 65 мотопомпадан тұратын азаматтық қорғау қызметтерінің жалпы тобы құрылды, – деді спикер.

Кей жылдары ауа райының өзі қарайласып, көктем айларында су тасқыны орын алмайды. Ал наурыз, сәуір айы жаңбырлы болса, онда қармен қосылған судан қауіп күтуге болады. «Қазгидромет» болжамынша, көктемнің алғашқы екі айында тәулігіне бір айлық жауын-шашын мөлшері түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда көлдер мен өзендерден бөлек, ой-шұңқыр мен сай-сала суға толып, халық қиындықпен бетпе-бет келеді. «Қазгидрометтің»

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ақпараты бойынша, Астанада жылумен жабдықтау қызметтері үшін негізсіз есептеу фактілері анықталды.

НЕГІЗСІЗ ЕСЕПТЕУЛЕР ҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Елорда тұрғындары Ко-митетке қаңтар айындағы түбіртектерде көрсетілген жоғары жылу төлемдеріне шағымданған болатын. Осыған орай бас қалада жылумен жабдықтау қызметін көрсететін «Астанаэнергосбыт» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі анықтама берді.

«Елорда тұрғындарынан келіп түскен өтініштері негізінде ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті «Астанаэнергосбыт» ЖШС-ге қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізді, оның қорытындысы бойынша аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын сақтамауы бөлігінде Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарын бұзу анықталды, бұл жылуды негізсіз есептеуге әкелді» деді ведомстводан.

«Табиғи монополиялар туралы» заңды бұзғаны үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған табыстың (түсімнің) 10% мөлшерінде айыппұл түрінде өкімшілік жаза қолданылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ негізсіз алынған табысты қайтару үшін 209 365 теңге мөлшерінде қайта есептеу туралы нұсқама берілді.

Комитет жылу энергиясымен жабдықтау қызметі үшін төлемақы мөлшерін айқындау есебі осы заңнамаға сәйкес табиғи монополиялар саласындағы заңнамамен регламенттелгені, табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган бекіткен тариф бойынша реттелетін қызмет түріндегі міндетті екенін түсіндірді.

«Жылумен жабдықтау қызметінің түпкілікті тарифі тұтынушыда үйге ортақ жылуға есепке алу құралының болуына немесе болмауына

байланысты есептеледі. Осылайша, жылу энергиясын есепке алудың жалпыұйлік аспабы болған кезде жылу үшін төлем мөлшері ай сайынғы көрсеткіш пен бекітілген тариф негізінде айқындалады» деді ведомстводан.

Көпшәтерілі тұрғын үйге ортақ есепке алу аспабы болмаған кезде жылу үшін төлемақы мөлшері жергілікті атқарушы орган бекітетін тұтыну нормасы мен есепке алу аспаптары бар тұтынушыларға қарағанда 20%-ға жоғары тарифті негізге ала отырып, есептеледі. Комитет тұтынушы үшін үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспабының болуы үнемдеуге мүмкіндік беретінін, өйткені тіркелетінін және жылу энергиясын есепке алу аспаптары үшін тариф қолданылатынын айтты.

Сонымен қатар, жылу энергиясын тұтыну көлемінің артуы және төлем сыртқы температураға тікелей байланысты. Жылу энергиясы үшін төлем ауа райына байланысты ай сайын өзгереді, сыртқы температура неғұрлым төмен болса, жылу энергиясын тұтыну көлемі соғұрлым көп болады. Мысалы, өткен жылдың қараша айында орташа айлық температура +2,2 градус, желтоқсанда -8,9 градус, ал ағымдағы жылдың қаңтар айында температура -11,9 градус болды.

Елорда тұрғындары есепке алу аспаптары мен жылуға ақысын есептеу көрсеткіштеріне қатысты сұрақтар туындаған кезде мән-жайды анықтау үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС-не, ал құқықтар бұзылған жағдайда ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Петров көшесі, 5-үй мекенжайы бойынша департаментіне немесе азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы «E-Отinish» порталына жүгіне алады.

ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІК КӨП

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» өкілдері «Bilim Foundation» корпоративтік қорының «Жарқын болашақ» бағдарламасы бойынша грант иегерлерімен кездесіп, жастарды жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қолдау шараларын түсіндірді.

Кездесу барысында Еңбек мобильділігі орталығының директоры Олжас Омар жастарға жеңілдікпен несие беру, «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар практикасы» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларына қатысу және сондай-ақ шағын несие бағдарламасының шарттарын баяндады.

Сол жерде Астана қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығы мен «Bilim Foundation» корпоративтік қоры арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылып, «Жарқын болашақ» бағдарламасының түлектерін жұмысқа орналастыру жөнінде келелі келіссөздер жүргізілді.

– Оқу бітіріп алдында бағдар-

лама түлектерін таңдаған мамандықтары бойынша практикалық дағдыларды игеруіне жағдай жасап, жыл бойы қолдау көрсетіледі. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы еңбек жолын енді бастағалы жүрген оқу орындарының түлектеріне, яғни жұмыссыз жастарға арналады. Жобаға қатысу ұзақтығы 18 айға дейін жетеді. Осы аралықта жұмыс істеген уақыты еңбек өтілі ретінде есептеліп, 30 айлық есептік көрсеткіш, яғни 110 760 теңге жалақы беріледі. Оған қоса салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақылдарды және банктік қызметтерді ескереді, – деді Олжас Омар.

Айтуынша, дәл осы жалақы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау үшін «Жастар практикасы» жобасына да қатысуға болады. Бұл жобаның ұзақтығы 12 айға дейін созылады. Оқу бітіргеннен кейін бес жылда мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алады. Колледжді бітіргеннен кейін үш жылда «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына қатысуға болады. Осы жоба арқылы 6 айға дейін жұмыс істей алады. Сонымен қатар жеке бизнесін ашуға ынталы жастарға шағын несие беру жолы да түсіндірілді. Бұл жоба кәсіпкерлік қызметке тарту арқылы жастардың экономикалық белсенділігін арттыруды көздейді.

Кездесу барысында елордалық жастарға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие берілетіні жайлы айтылды. Микрокредиттер 21 мен 35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлерге арналған. Бастысы, өтініш беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек. Олар 2,5 пайызбен 5 миллион теңгеге дейін кредит ала алады. Несиені 5 жылға дейін өтеуі қажет.

«Bilim Foundation» қорының президенті Ерлан Аманжолұлы «Жарқын болашақ» бағдарламасына «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры бірнеше жылдан бері қолдау білдіріп келе жатқанын жеткізді. Оның сөзінше, қазіргі таңда бағдарлама аясында 674 грант иегері оқып жатыр. Биыл 67 түлек оқу орнын аяқтайды. Олардың 31-і мектеп бітірсе, 36 жасөспірім колледж тәмамдайды. Олардың университетке түсуіне де, жұмысқа орналасуына әбден болады.



№30 (4618) 12/03/2024 Сейсенбі

ОҚУЛЫҚ ЖАЗУДЫҢ ЖҮЙЕСІ ДҰРЫС ЕМЕС

– Аятжан Ахметжанұлы, сапасыз оқулықтар мәселесі қазіргі білім саласындағы жедел шешуді қажет ететін негізгі түйін. Соңғы кездері депутаттар да бұл тақырыптарды кеңінен талқылай бастады. Қазіргі беталысымызбен оқулықтардың сапасын жақсарту аламыз ба?

– Мен білім беру саласына 2010 жылы келдім, 2012 жылы «Оқулық оқы болса, оқушы қайдан онады?» деген мақала жазған едім. Сол кезде жұрт сапасыз оқулық мәселесін жиі айтып жүретін. Содан бері 15 жылға жуық уақыт өтті, оналған, өзгерген ештеңе жоқ. Керісінше, «жаңартылған бағдарлама» енгізілетін тұста, яғни Сағадиевтің тұсында тіпті кері кетті. Аймағамбетов оқулық мәселесімен мүлдем айналысқан жоқ. Себебі оқулық білім саласының заңы бойынша 4 жылда бір өзгеруі керек. Яғни Сағадиев заманындағы оқулықтар 2022 жылы қайта жаңартылуы керек болатын. Бірақ министр ауысып кетті де, оқулық жаңалау жұмысы да тоқтап қалды. Ал қазір сол оқулықты жаңартатын кезі келгеннен кейін, парламентте де көтеріліп жатқан болса керек.

Жалпы «жаңартылған бағдарлама» кезеңінде оқулықтарда үлкен оққылықтар, қателіктер бар екенін бұрынғы министр де, сол дәуірде Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті болып тұрған қазіргі министр де мойындаған. Ең өкініштісі, сол кемшілік әлі күнге дейін түзетілген жоқ. Түзетілмейді де. Өйткені бізде оқулық жазудың жүйесі қате. Жүйе дұрысталмай, оқулық та дұрысталмайды. Мәселен, Мемлекеттік стандартты Оқу-ағарту министрлігі бекітеді. Осы стандарт негізінде Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитеті бірлесіп, үлгілік оқу жоспарын әзірлейді. Осы жоспар негізінде бір жұмыс тобы бағдарлама жазады. Ол бағдарламаны жазатындар – әр жерден таңдап алынған мамандар. Бірақ олар бұл жұмысты сабағын бере жүріп, қосымша жұмыс ретінде атқарады. Оның кейбіреуіне ақы төленеді, кейбіріне төленбейді. Өзі қосымша жұмыс және төлейтін сомасы мардымсыз болса, қолы тиген бос уақытында міндет өтеу үшін жазған бағдарламада сапа бола ма, болмайды. Ал оны келесі бір топ сараптайды, олар да оны екінші жұмыс ретінде атқарады.



«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚПЕН» ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ҚҰРЫЛМАЙДЫ



Қазақстанда орыс тілін білмей қандай деңгейдегі қызметке баруыңыз мүмкін? Орыс тілін білмесеңіз, министр немесе әкім бола аласыз ба? Жоқ. Ал қазақ тілін білмесең, министр немесе әкім бола аласыз ба? Әрине, бола аласыз. Осыны көріп, біліп отырған халық баласын орыс мектепке немесе аралас мектепке сүйремей қайтеді?!

басып шығарумен ғана айналысады. О заманда, бұ заман, баспа оқулық жазғанды қайдан көрдің?! Міне, мәселе осында. Сондықтан оқулық жазу жүйесі өзгермей, оқулықтың сапасы да дұрысталмайды. Кезінде сапалы оқулық жазу жөніндегі ұсынысымыз жоғары лауазымда отырған бір ағамызға айтқанымда «беліңе көтере алатын шоқпарды байласаңшы» деді. Өйткені баспалардың артында оқулық басуға жұмсалатын миллиардтаған ақшалар айналып жатыр.

– Қазір балалар түске дейін мектепке барса, түстен кейін қосымшаға баруға мәжбүр. Бұл мектептердің оқу сапасы төмендігінің көрінісі ме?

– Білім беру орталықтарының көбеюі – мектептердің оқу сапасының нашарлығының айқын көрінісі. Өйткені еліміздегі мектептер мемлекет бекіткен, мемлекеттік стандартты толық орындауға қауқарсыз. Себебі ол стандартты орындау үшін 2-3 түрлі шарт-жағдай толық сыныпта бала саны 24-тен аспауы керек. Екінші, барлық мектеп бір ауысымда оқуы керек. Үшінші, негізгі сабақтары факультативтері, паратифтері

толық орындалуы керек. Қазір мектептердің көбі 2 немесе 3 ауысымды. Бір сыныпта 30-дан артық оқушы бар. Көздеген мақсатты орындай алмайды. Сондықтан балалар қосымшаға баруға мәжбүр.

– Орта білім беру комитетінің өткен жылғы маусымдағы дерегіне, Қазақстанда 7724 мектеп бар. Оның ішінде, ауылдық жерлерде – 5279 мектеп, қалалық жерлерде 2445 мектеп бар. Мұның ішінде бір ауысымды – 2740 мектеп, екі ауысымды – 4847 мектеп және үш ауысымды 137 мектеп бар екен. 2024 жылы – 208 мектеп; 2025 жылы 151 мектеп пайдалануға берілмек. Бірақ сонда да мектеп мәселесі толық шешілмейді. Неге біз екі, үш ауысымды мектептен құтыла алмай жүрміз?

– Меніңше, мұның бірнеше түрлі себебі бар. Біріншіден, біздің елде ішкі көші-қон өте бейберекет кеткен. Кенттендіру аяқ алысы тез және жабайы. Яғни ауылдарда мектеп жабылып жатса, қалаларда мектеп жетпей жатыр. Екіншіден, біздің саяси карьеранда мерзім жоқ. Сондықтан олар ешқашан ұзақ уақыттық жоспар жасамайды. Көз алдағы мәселені шешіп берсе болды, ұзақ болашақтық мәселелерге бас қатырмайды.

САПА МЕНШІКПЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

– Жекеменшік мектептердің көбеюі оқу сапасын төмендетіп жібермей ме?

– Сапаны меншікпен өлшеу – коммунистік сананың бейнесі. Сапа меншікпен өлшенбейді. Мақсұт Нәрікбаев атындағы университетті, Сулейман Демирел атындағы университетті сапасыз оқу орны деп айта аласыз ба? Жекеменшік оқу орындарының арасында сапалы білім беретіндері бар, білім сапасы төмендері де бар. Сол сияқты Мемлекеттік мектептердің де сапалы білім беретіні бар, төмені де бар. Демек, сапа басқару мен оқытушылар қосындысының мықтылығымен байланысты. Жекеменшік мектептің көбеюі білім беру саласындағы бәсекелестікті күшейтеді. Бәсеке болса, сапа да көтеріледі. Қазір елімізде,

Білім саласында қордаланған мәселелер аз емес. Айта-айта жауыр болған оқулықтың сапасы мәселесі де бүгінге дейін шешілген жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында еліміздегі оқулықтардың сапасы сын көтермейтінін айтып, мәселені шешу үшін Үкіметке оқулықты әзірлейтін азаматтардың жауапкершілігін заңнамалық тұрғыдан реттеп, сапасыз оқулық дайындағандарды жауапқа тартуды тапсырған болатын. Содан бері 3 жыл уақыт өтті. Бірақ сапасыз оқулықтар әлі айналымда жүр. Ендеше, оқулық сапасын жақсартып, ұстаздардың біліктілігін қалай арттырамыз? Бұл жөнінде тәжірибелі педагогтар не дейді? Осы сауалдарға жауап іздеген тілшіміз жоғары санатты химия пәні мұғалімі, химия ғылымдары бойынша PhD докторанты, Республикалық «Қазбілім» орталығының директоры Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫМЕН әңгімелесіп қайтты.

– Сіз ұлттық идеология жоғары жақтан төмен қарай қалыптасады деп ойлайсыз. Ал мен керісінше, төменнен жоғары қарай қалыптасады деп ойлаймын. Егер біз ойдағыдай ұлттық мектеп құра алсақ, ұлт ретінде жан-жақты ойлана алатын зиялы қауым болса, кешегі Алаш қайраткерлеріндей ұлт мүддесін басты орынға қоя алсақ, ұлттық идеологияны қалыптастыра аламыз. Өйткені кейбір нәрсені билік жасамайды, халық жасайды, тарих жасайды.

КІНӨ КІМДЕ?

– Қазір қазақ тілінде, яғни мемлекеттік тілде білім беретін мектептер көбейіп келеді. Бірақ неге кейбір ата-аналар баласын орыс тілді мектепте оқытуға құмар? «Қазақ тілді мектептерде сапа жоқ, орыс тілді немесе аралас мектеп ашыңдар» деп талап қоятын қазақтар да аз емес. Мұның басты себебі неде?

– Қазақы ұғымға жақындайтып айтқанда оқушының да «үш жұрты» бар. Ол – отбасы, мектеп және қоғам. Бұрын баланы отбасы тәрбиелесе, қазір бала тәрбиесіндегі қоғам мен телефон, теледидардың тәрбиелік рөлі басым. Бұл арада мектепті, ата-ананы кінәлағанмен, ештеңе өзгермейді. Өйткені мемлекет балаға керекті дүниелерді жасап бере алып жатыр ма, мемлекет ұрпақтарды қазақша оқуға ынталандырып жатыр ма? Сенің балаң қазақ тілінде оқыса, мемлекеттік тілді білсе, мынадай деңгейге жетеді деген мүмкіндік бар ма? Қазақстанда орыс тілін білмей қандай деңгейдегі қызметке баруыңыз мүмкін? Орыс тілін білмесеңіз, министр немесе әкім бола аласыз ба? Жоқ. Ал қазақ тілін білмесең, министр немесе әкім бола аласыз ба? Әрине, бола аласыз. Осыны көріп, біліп отырған халық баласын орыс мектепке немесе аралас мектепке сүйремей қайтеді?! Сондықтан бұл жерде басты кінә – билікте. Оны мойындауымыз керек. Аналар айтқандай, қазақ тілінде білім беретін мектептердің орыс тілді мектептерден оқу сапасы төмен деген де бос сөз. Бірақ олар неге керек емес тілде баласын оқытып, ұрпағын қинайды. Кешіріңіз, олар солай қарайды, қазақ тілі керек емес тіл деп санайды. Тіпті қазақ тілді мектептің де баласы айтады «не үшін керек маған қазақ тілді мектеп?» деп.

– Президент «Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек» деген еді. Қазақ тілі қашан ғылым тіліне айналады деп ойлайсыз?

– Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналған кезде, ол ғылым тіліне айналады. Егер билік 100 пайыз мемлекеттік тілде жасаса, барлық заңды қазақ тілінде қабылдаса, қоғам бір-ақ күнде өзгереді. Абай «көпте ақыл жоқ, ебін тап та билей ме?» деген жоқ па?! Ебін таба алмай отырған басты кінә – билікте.

– «Болашақ» бағдарлама-сымен оқуға баратындардан мемлекеттік тілді білу талап етіліп жатыр. Бұл өз өнімің бере ме?

– Бермейді. Керек емес дүние тез ұмытылып қалады. Егер мемлекеттік қызметке келгісі келетіндерден қазақ тілінен емтихан алып, мемлекеттік тілді білмесең қызмет істей алмайсың десе, онда жағдай өзгеруі мүмкін. Қазір айқай-шүмен ештеңе шешілмейді, бәрі заңмен реттеледі. Тіл мәселесін де заңдық тұрғыдан реттейміз керек.

Әңгімелескен
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

БІР МӘЙІТТІК ДОНОР ҮШ АДАМНЫҢ ӨМІРІН САҚТАДЫ

Қазақстанда 40 мың адам электрондық тіркеу арқылы қайтыс болғаннан кейін донор болуға тіркелгенмен, соның 15 пайызы ғана бұған нақты келіскен. Жалпы мәйіттің ағзасын алу туралы заңның қолдау табуы қазіргі таңда қоғамда түрлі пікір тудыруда. Осы демалыс алдында елімізде бір азаматтың бас миы өліміне байланысты оның туыстары мәйіттік донорлыққа рұқсат беріп, Астана трансплантологтары соның арқасында 3 науқастың өмірін аман алып қалды.

Райхан
РАХМЕТОВА

Ұлттық ғылыми онкология орталығы мен Астана қаласының Кардиохирургия орталығының трансплантологтары, кардиохирургтары, анестезиологтары мен мейіргерлерінен құралған жоғары білікті дәрігерлер тобы санавиация борты арқылы Павлодар облысына барды. Бас ми ауруынан көз жұмған марқұмның туыстары оның мәйіттік донор болуына келісім берген. Соның арқасында елдің әр түкпірінен келген үш пациентке елордалық трансплантологтар бір ағза донорының екі бүйрегі мен жүрегін ауыстырып салды.

Осы аралықта Астана қаласында күту парағында тұрған, бағдарлама арқылы іріктелген реципиенттер қосымша талдау тапсыру үшін шақырылды. Медициналық зерттеп-қарау жұмыстарынан соң және комиссияның шешімі бойынша 26 жастағы реципиент анықталды. Ол бүйректің V терминалды сатысы диагнозымен 6 жыл бойы



– Біздің орталықта жыл басынан бастап 11 наурызға дейін 16 бүйрек трансплантациясы жасалды. Соның ішінде 4-еуі мәйіттік донордан алынса, 12-сі – туыстық бүйрек трансплантациясы. Одан бөлек, 1 мәйіттік және 1 туыстық бауыр трансплантациясын жасадық. Ал 6 наурызда Павлодар облыстық кардиохирургия орталығында бас ми өлімі тіркелген донор анықталды, оның туысқандары ағза алуға рұқсат берді. Трансплантация үйлестіру орталығы және санавиациямен бірлесе отырып, бір бригада сол жаққа ұшып барып, ол жақта ағза алу отасын жасады. Екінші бригада біздің Астанадағы орталықта мұқтаж науқастарды толық тексеруден өткізіп, отаға дайындады. Жалпы оталар сәтті өтті, бүгінде ағза салынған науқастардың жағдайы жақсы, – дейді Астана трансплантациялау орталығы ағза транспланттау секторының меңгерушісі, дәрігер онколог, уролог, хирург Мәліс Асықбаев.

Елімізде бүгінде ағзасын ауыстыруға болады деген 4 мыңға жуық адам бар. Мұқтаж жандардың ішінде 70 пайызы бүйрекке зәру. Негізінде, 1 мәйіт 5 адамның өмірін құтқарады. Егер қайтыс болған адамның ағзаларына зақым келмесе, онда оның жүрегі, өкпесі, бүйрегі, бауыры, тіпті көзінің мөлдір қабығы алынады. Заң бойынша көп елде дәрігерлер рұқсатсыз жарамды ағзаны ала береді. Алайда қайтыс болған адамдардың барлығы донор бола алмайды. Тірі кезінде созылмалы ауруы болған адамның ағзасы жарамсыз келеді. Адам өлгеннен кейін жүрекке 2 сағат ішінде, бауыр мен бүйрекке 12 сағат ішінде трансплантация жасау керек. Мысалы, қайтыс болған адам ағзасы 10 адамға жарауы мүмкін. Мұндайда донор орналасқан қалаға жақын адам шақырылып, ота жасалады. Ота неғұрлым тез әрі сәтті жасалса, ағзаның жұмыс істеу функциясы жақсырақ болады.

гемодиализде болған. Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми онкология орталығында дәрігерлер ересек пациентке кадаверлік бүйректі транспланттау отасын сәтті жүргізді. Реципиент палатаға ауыстырылды, бүгінде оның жағдайы жақсы. Бүйрек толық жұмыс істеп тұр. Екінші бүйрек Астанадағы Ана мен бала орталығында балаға салынды. Үшінші ағза – жүректі транспланттау Кардиохирургия орталығында жүргізілді.



ТУБЕРКУЛЕЗ – ҚАТЕРЛІ ДЕРТ

№11 қалалық емханада фтизиопульмонология орталығының дәрігерлері: директордың емдеу-алдын алу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.К.Дакенова мен жоғары санатты фтизиатр дәрігер М.И.Абдрахманованың қатысуымен 2023 жылы туберкулезге қарсы іс-шаралардың қорытындысы бойынша медициналық кеңес өтті.



Жауапты дәрігерлер туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайды және емханада туберкулезге қарсы іс-шаралардың сапасын бағалау индикаторларының орындалуын баяндады. Дүние жүзінде жыл сайын 9 миллион адам туберкулезбен ауырады. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын бір науқас бір жылда 15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін.

Дерт көбіне тыныс алу мүшелерін (ең бастысы, өкпе мен бронхты) зақымдайды, бірақ басқа да мүшелерді зақымдауы мүмкін, мысалы, сүйектер мен бұлшық еттер. Осы айырмашылықтарына қарай туберкулездің екі негізгі түрі бар: өкпе туберкулезі және өпеден тыс туберкулез. **Туберкулездің белгілері:** * жөтелу және қақырықтың

бөлінуімен жөтелу, кейде қанмен; * ұзақ уақыт бойы 37-37,5 градусқа дейін дене қызуының жоғарылауы; * тез шаршау және әлсіздіктің пайда болуы; * табеттің болмауы немесе азаюы, салмақ түсіру; * көп терлеу, әсіресе түнде; * денеге кішкене жүк түсірген кезде ентіге бастау. Аталғандардың бір, екі не-

месе үш белгісі болуы мүмкін. Міндетті емес белгілердің бірі – жөтел.

Үш аптаның ішінде жоғарыда аталғандардың біреуі сақталған кезде, бірден терапевт немесе фтизиатр дәрігерге шұғыл бару керек.

Туберкулезді ерте анықтау және дұрыс емдеу кезінде жұқтырған адамдар бактерия таратуды тоқтатады және емделуі мүмкін.



МЕРЕКЕДЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕДІ?

Мереке күндері еліміздегі жедел жәрдем бригадалары 23 мыңнан астам шақырту бойынша қызмет көрсетті. Ал Астана қаласының жедел жәрдем қызметіне 1830 шақырту келіп түсіп, солардың бәріне медициналық көмек берілген.

Қазақстанда науқастардың басым бөлігі Астана, Алматы қалаларында, Түркістан, Алматы облыстарында тіркелді. Шақыртулар үйде босану, жол-көлік оқиғасы, өрт, улану кезіндегі және көпқабатты үйден құлаған жағдайларға байланысты болған. Ұлттық шұғыл медицина орталығы санита-

риялық авиациясы күштері Семей-Үржар бағыты бойынша құрамында реаниматолог пен фельдшер, ал Шымкенттен Шардараға құрамында комбустиолог пен реаниматолог бар 2 рет ұшу рейсін жүзеге асырды. Барлық науқасқа облыстық стационарларда білікті медициналық көмек көрсетілді.

ЖАҢА УАҚЫТҚА ТЕЗ БЕЙІМДЕЛУ ЖОЛДАРЫ

1. Ұйқы режимін сақтаңыз

Дұрыс әрі тұрақты ұйқы режимін ұстануға тырысыңыз. Ағзаңыздың жаңа уақытқа бейімделуіне көмектесу үшін сағат кешкі 22:30-да қараңғы бөлмеде ұйықтап қалуға көңіл бөліңіз.

2. Кофеин және алкогольді сусын ішпеген ләзім

Кофеин мен алкоголь өнімдерін тұтынғанды доғарған дұрыс. Әсіресе кешкі уақытта. Себебі бұл ұйқының сапасына әсер етіп, бейімделу процесін бәсеңдету мүмкін. Кофені цикориймен алмастырған жөн.

3. Белсенді өмір салтын ұстану

Күнделікті физикалық белсенділікті арттырыңыз. Бұл дұрыс тынығып, ұйқы сапасын жақсартуға көмектеседі. Кем дегенде күніне 10 мың қадам жасау қажет.

4. Табиғи жарық

Табиғи жарық жерлерде жүрген ләзім. Күндіз, әсіресе таңертең таза ауада көбірек серуендеңіз.

5. Күндіз ұзақ ұйықтаудан сақ болған жөн

Түнгі ұйқы процесін ретке келтіру үшін күндіз ұйықтамаған абзал.

Баршаңызға зор денсаулық және ұзақ ғұмыр тілейміз!



#КЕРЕККЕҢЕС

ЖҰМЫС ІЗДЕУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Жастарды мемлекеттік қолдау аясында елордада жас азаматтарды жұмысқа орналастыру және тағылымдамадан өткізу бойынша бірқатар бағдарлама іске асуда. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің еңбек мобильділігі орталығынан толығырақ білуге болады.

«Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар сабақтастығы», «Қоғамдық жұмыстар», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Кәсіптік оқыту» – бұл жұмысты жаңа бастаған мамандарды қолдауға бағытталған жобалар, олар еңбек биржасында кешегі түлек өз орнын таба алатындай бастапқы еңбек өтілін табуға көмектеседі, материалдық қолдау көрсетеді.

2024 жылдың басынан бастап Астана қаласының еңбек мобильділігі орталығына 2830 жас азамат жүгінді. 1194 адам жұмыспен қамтылды, оның 785-і жұмысқа орналасты, оның 112-сі тұрақты жұмыс орындарына орналасты.

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ

Бұл – жұмыссыздардың жұмысқа орналасуына және қажетті еңбек дағдыларын алуына мүмкіндік беруге бағытталған жоба.

Еңбек жағдайлары:

- * кепілді жалақы – 30 АЕК (110760 теңге);
- * жұмыс кезеңі еңбек өтіліне есептеледі;
- * аяқтағаннан кейін штатқа жұмысқа орналасу жүргізіледі;
- * ұзақтығы – 18 айдан аспайды.

Талаптар:

- * мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы;
- * 35 жастан аспауы қажет.

Субсидияланатын жұмыс орындарына 673 жас азамат жіберілді, оның 114-і «Жастар практикасы» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттен қолдау алды, 23-і «Алғашқы жұмыс орны», 60-ы «Әлеуметтік жұмыс орындарына» және 476-сы «Қоғамдық жұмыстарға» жіберілді.

ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ

Өз мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған.

Еңбек жағдайлары:

- * кепілді жалақы – 30 АЕК (110760 теңге);
- * практика кезеңі еңбек өтіліне есептеледі;
- * аяқтағаннан кейін мемлекеттік жұмысқа орналасу мүмкіндігі;
- * ұзақтығы – 12 айдан аспайды.

Талаптар:

- * оқуды аяқтағаннан кейін 5 жыл ішінде (ЖОО немесе колледж);
- * мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы;
- * 35 жастан аспауы қажет.

Астана қаласы әкімдігінің еңбек мобильділігі орталығының әрбір менеджеріне 400-ден 800-ге дейін жұмыссыз азамат бекітілген. Бүгінгі таңда 5000-нан астам бос жұмыс орны бар.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға, содан кейін зейнет жасына толған жұмыскерді ауыстыруға арналған.

Еңбек жағдайлары:



- * кепілді жалақы – 30 АЕК (110760 теңге);
- * практика кезеңі еңбек өтіліне есептеледі;
- * аяқтағаннан кейін штатқа жұмысқа орналасу жүргізіледі;
- * ұзақтығы – 6 айдан аспайды.

Талаптар:

- * оқуды аяқтағаннан кейін 3 жыл ішінде (ЖОО немесе колледж);
- * 35 жастан аспауы қажет.

Кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға бағытталған іс-шаралар шеңберінде электрондық еңбек биржасы арқылы 158 адам онлайн-оқытудан өтті, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін 220 жас оқыды.

ЖАСТАРҒА НЕСИЕ БЕРУ

Микрокредит беру 21 жастан 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Бағдарламаға жұмыс істейтін жастар қатыса алады.

Шарттар:

- * қарыз сомасы – 5 миллион теңгеге дейін;
- * сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 2,5%;
- * қарыз мерзімі – 5 жылға дейін (мал шаруашылығын дамыту үшін – 7 жылға дейін);
- * жеке кәсіпкер ретінде тіркеу мерзімі өтінім беру сәтінде 5 жылдан аспауға тиіс;
- * кепілмен қамтамасыз ету (кепіл ретінде жылжымалы, мамандандырылған техника және жылжымайтын мүлік қабылданады).

* кепіл болмаған жағдайда, кепіл берушіні (ата-анасын, туысын және т. б.) тартуға болады.

* сондай-ақ негізгі борыш пен сыйақыны микрокредит мерзімі ұзақтығының үштен біріне дейін өтеу бойынша жеңілдікті кезек көзделген.

Қажетті құжаттар тізімі:

- * жеке басын куәландыратын құжат;
- * жоба бойынша бизнес-жоспар құру;

* шоттың болуы туралы қызмет көрсететін банктен анықтама;

* қаржы ұйымдарынан кредиттік берешектің, оның ішінде мерзімі өткен берешектің болуы туралы анықтама (кредиттер болған кезде);

* қатысушының/үміткердің жалақысын және (немесе) өзге де табысын растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді), болған жағдайда;

* кепілді қамтамасыз ету ретінде берілетін мүлкті бағалау туралы есеп;

* кепіл беруші және кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар.

ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРГЕН, Я БОЛМАСА ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

Жұмысы және (немесе) тиісті табысы жоқ, өзіне лайықты жұмыс іздеуші азамат жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін жүгінген кезде жұмыс іздеуші ретінде тіркеледі:

- * enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы онлайн;
- * egov.kz электрондық порталдың көмегімен;
- * Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайы бойынша елорданың еңбек мобильділігі орталығына хабарласу арқылы.

ЖҰМЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА БЕРІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемге құқық, егер ол міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кемінде 24 ай қатысушы болса, азамат жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап туындайды. Содан кейін орталық қолайлы жұмысты таңдау арқылы оның жұмысқа орналасуына ықпал етеді. Бұл жағдайда өтініш берушінің белсенділігі маңызды рөл атқарады.

Карина КУЩАНОВА

АРДАГЕРЛЕР АЛҒЫС АЙТАДЫ

Бүгінде жас ұрпақтың «қарттарым – асыл қазынам» деген қанатты сөзді қаперінен шығармайтыны қуантады. Әсіресе қоғам тарапынан, оның ішінде жеткіншектер тарапынан ардагерлерге ізет пен құрмет көрсетіліп жатса, марқайып қалатынымыз рас.

Біз Астана қаласы Алматы ауданының ардагерлер ұйымына қарасты «Аман-есен» деп аталатын шағын орталық мүшелеріміз. Ұжымда 50-60 ардагер боп қоян-қолтық жұмыс істеп келеміз. Жақында бізге қаладағы

№32 мектеп-гимназияның Гүлшат Берікбайқызы Байтас бастаған мұғалімдер шәкірттерімен бірге 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арнап мерекелік концерт ұйымдастырып, сый-құрмет көрсетті. Өнерпаз оқушылар

анаға, әкеге арналған асқақ әндерді шырқап, мың бұрала би биледі. Сондай-ақ ұлттық тағамдарға толы дастарқан жайылып, асқан пейіл-ниетімен қариялардың көңілін шаттандырды.

Мерекеді осындай риясыз көңіл күй сыйлаған білім ордасы басшылығына ардагерлер алғыс айтып, ақ батасын берді.

Шайкен АБЫКЕНОВ,
«Аман-есен» ардагерлер орталығының жетекшісі

БАСПАСӨЗ-2024

ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТІМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс:	Баспалық жазылу бағасы	Индекс:	Баспалық жазылу бағасы
65617	1 айға 430 3 айға 1 335 6 айға 2 670	15617	1 айға 500 3 айға 1500 6 айға 3000
65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 639,36 3 айға 1 918,08 6 айға 3 836,16	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 899,36 3 айға 2 698,08 6 айға 5 396,16

РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 42-43-52

Астана қаласының Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы Астана қаласы әкімдігінің «Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры Азимханова Сауле Мыншаловнаның жолдасы Мерсеитов Калдыбек Абделевичтің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қаласының Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы Техникалық колледжді ұзақ жылдар бойы басқарған Қасенов Шортанбай Баянұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН

Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған «Әлемнің жарығы» атты кеш өтті. Оған қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, әлеуметтік сала қызметкерлері, медицина мамандары, ұстаздар, еңбек ардагерлері, көпбалалы аналар, әскери қызметшілер мен коммуналдық қызметкерлер қатысты.



Мыңнан аса көрермен жиналған мерекелік кеште қазақ эстрадасы мен дәстүрлі ән өнерінің белгілі өкілдері ән мен жырдан шашу шашты. Концерт барысында тек ән мен жыр ғана емес, қазақ даласында ғұмыр кешкен, сонау Ұмай анадан бастап, Домалақ ана, Мару ана, Жұпар ана, Қарашаш ана, Қыз

Данай, Бопай ханым, Айғаным шеше, Қарқабат ана сияқты адамзат үшін, ұлт үшін еткен еңбегі ерен аналардың есімі аталып, олар туралы толымды мағлұматтар берілді.

Осы тұлғалардан бөлек, қазақ ұлтынан шыққан тұңғыш дәрігер қыз Гүлсім Асфендиярова, алғаш мектеп

ашып, бала оқытқан хан Жәңгірдің ұрпағы Құсни-Жамал Нұралыханқызы, әйел журналистердің қарлығашы Нәзира Құлжанова, тағы басқа аттары тарих беті мен халық жадында мәңгі сақталып қалған айтулы арулардың есімі мен ел үшін еткен еңбегі аталып өтті.

Концертте танымал әнші Жұбаныш Жексен мен ұлы Абиқ Жексен, Ардақ Балажанова, Мәдина Сәдуақасова, Дастан Оразбеков шырқаған әндер, «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі орындаған туындылар арулар мерекесіне естен кетпес шаттық тарту етті. Жастардың ықыласына бөленіп жүрген Қазбек Құрайыш, Тұрар, Олжас Құрманбек, Рамина Сатыбалды мен «Bala time» балалар хоры, Аян Байжігіт, Бағжан Октябрь, Аурее секілді жас өнерпаздардың өнері мерекелік көңіл күй сыйлады. Концерт барлық өнерпаздармен бірге көрермендер қосыла шырқаған Шәмші Қалдаяқовтың әйгілі «Ана туралы жыр» әнімен қорытындыланды.



«АРҚА ӘУЕНДЕРІ» РИЗА ҚЫЛДЫ

Есіл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында өткен тамаша концерттік бағдарламаның куәгері болдым. Елордалық «Арқа әуендері» ансамблі орталықтың зейнеткерлері мен қызметкерлеріне музыкалық бағдарлама ұсынды. Бір жарым сағатқа созылған концертті тамашалай отырып, уақыттың қалай тез өткенін байқамай қалдық.

Ансамбльдің жетекшісі Кенжетай Жанұзақова ансамбльді алғаш рет 5 адаммен ашқанын, қазір қатары 20 адамға жеткенін мақтанышпен айтты. Айтса айтқандай екен, ансамбль құрамының алды сексеннен асқан, соңы жетпіске таяп қалған өнер иелерінен құралған. Қазақстанның әр түкпірінен келіп, Астанада бас қосқан еңбек ардагерлері мен көпбалалы аналардың тамылжыта ән салып, мың бұрала билегенін көргенде, бейне бір кәсіби өнерпаздардан айырмашылығы жоқ-ау деген ойда болдым.

Ансамбльге көркемдік жетекшілік етіп әрі дирижер болған Кенжетай Жанұзақованы «сегіз қырлы, бір сырлы» десем артық болмас. Халық әндері мен белгілі

композиторлардың туындылары шырқалғанда, залдағы көрермен сүйсіне қол соқты. Жасы сексеннен асса да, сахна төрінен табылған Болат Ақешов пен әнші Рахия Абдукаримованың орындауындағы тамаша әнге де көрермен ыстық ықыласын аямады. Күйшілер Бексұлтан Төлепов пен Теміреш Киреевтің орындауындағы халық күйлері қалың көпшіліктің көңілінен шықты. «Арқа әуендерінің» барлық мүшесі жеке дауыста және дуэт, трио, квартет түрінде орындаушылық шеберлігі шыңдалған өнерпаздар екенін паш етті.

Күләш ШҮРЕНОВА,
ардагер ұстаз,
ҚР білім беру ісінің үздігі

ҚОС ПРЕМЬЕРА ҰСЫНДЫ

Өткен демалыстарда «Қанаттылар» инклюзивті театры қос премьера ұсынды. Оның алғашқысы «Екі тағдыр – бір өмір» атты өмірбаяндық драма, екіншісі – «Арман» мелодрамасы.



«Екі тағдыр – бір өмір» драмасының авторы – Ақбота Ермаханова. Қоюшы режиссері – Сүндет Сәрсен. Спектакль желісі осы театрдың жетекшісі Арнұр Ысқақовтың өмірінен алынған. Яғни оқиға шынайы өмірге негізделген.

«Иә, тағдырым, сен жеңдің. Ештеңе... Мүлдем ештеңе болмағандай өмірім жалғасын таппақ. Ешкімге ешқашан иілмеген басыммен өзіңнің алдына бетпе-бет келіп тұрмын. Әрі қарай ештеңе болмағандай

өмір сүре аламын ба? Әрине! Тырысамын. Уақыт емші, көңдім. Күндер өтер, айлар өтер, жыл жылжыр... Ұмыт болып қалмаса да бұл сәтім, сәл де болса көмескіленер кезі келер, сәті келер» дейді бас кейіпкер.

Премьерға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты. Өз сөзінде ол «Қанаттылар» театрының ашылғанына үш жыл болса да, сахналаған туындылары, олардың салмағы бір мүшелді

жүріп өткендей әсер беретінін, яғни тәжірибесі толысқанын атап өтті. «Жастар» театры жанында жұмыс істейтін «Қанаттыларды» осы жылдың соңына дейін жеке отау етіп шығару мәселесі қаралып жатқанын жеткізді.

«Тағдыр жолы сан тарау. Бірдей өрілгенмен, өзгешеліктері жетіп артылады. Бірі өткеніне қайта оралсам дейді, бірі өткенімді қоқыстан ізде дейді. Өзекті өртейтін өкінішті сәттері де жоқ емес. Адамның

тағдыры туралы Ақбота Ермаханованың «Екі тағдыр – бір өмір» атты автобиографиялық драмасы терең ойға, әсерге бөлейді» деді Есет Байкен.

Ал «Арман» мелодрамасының авторы және қоюшы режиссері – Дихан Бибажар. Спектакльде балалық шақтан адал достыққа серт беріп, арман қуып өнер жолына түскен, тағдырлары бір арнаға тоғысқан төрт достың басынан өткен шытырман оқиғалары баяндалады.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ӘЙЕЛДЕР ҚҰРМЕТІНЕ ӘН САЛДЫ

Нұра ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Астана Опера» театрында Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт өтті.

Оған саясаткер әйелдер, республикалық медициналық ұйымдардың басшылары, полиция және коммуналдық қызмет мамандары, МИБ/ПИК төрағалары және ауданның белсенді тұрғындары жиналды.

Нұра ауданының әкімі

Жүсіп Жұмағұлов қонақтарды көктемгі мерекемен құттықтады. Өз сөзінде ол әйелдердің ерекше еңбегін және олардың қаланы жақсартуға көмектескен белсенді азаматтық ұстанымын атап өтті.

«Осында отырғандардың баршасын ортақ мүдде бірік-

тіреді. Қандай салада жұмыс істесеңіздер де, адамдарға қамқорлық жасауға асығасыздар. Әйелдер көптеген мамандықты игерді. Әсіресе медицина немесе педагогикада әйелдердің үлесі басым» деген аудан әкімі әйелдерді мерекемен құттықтады.

Концерт қонақтарына «Астана Опера» театрының солистері мен ішекті аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Арно Бабаджанян, Сезаро Биксио және т. б. классик композиторлардың туындылары орындалды.

